

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Педагогика және психология факультетінің докторанты Н.С. Алпысбаеваның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың өзектілігі білім беру жүйесінің қазіргі міндеттеріне байланысты. Білім беру саласына тікелей әсер ететін факторлардың бірі - педагогтердің кәсібилігі болып табылады. Жылдам өзгертін әлем мен ақпаратты қабылдаудың жаңа тәсілдері педагогтерден оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалана білуді талап етеді. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдары туралы алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуіне ерекше назар аудару маңызды. Сондықтан қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, оқытудың интербелсенді құралдарын пайдаланудың әдістемелік тәсілдері мен технологияларын меңгерген педагогтар даярлау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттыру жөніндегі заман талабы педагог кадрларды даярлау мәселесіне де тікелей қатысты. Осыған сәйкес, болашақ мұғалімдерге оқытудың интербелсенді құралдарын оқу үдерісінде пайдалану әдістемесін меңгеру қажет.

Осы ретте автор зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық және оқу-әдістемелік еңбектер мен оқулықтарды талдап-зерделеу негізінде жоғары оқу орнында білімді игеру, білік пен дағдыларды қалыптастыру тиімділігін арттыруға бағытталған әдебиеттерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың нақты жүйесінің жеткілікті деңгейде әзірленбегендігін анықтайды. Оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануды жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу бастауыш білім беру саласындағы шынайы қажеттіліктен туындап отыр. Осыған орай, қоғамның заманауи талаптарға сай оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалана алатын бастауыш сынып мұғалімдеріне деген әлеуметтік сұранысы мен жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді осы бағытта даярлау деңгейінің жеткіліксіздігі арасында, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлау қажеттілігі мен осы даярлау әдістемесінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде әзірленбеуі арасында қарама-қайшылық байқалады. Ізденушінің зерттеу жұмысы аталған қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында студенттердің білім сапасын арттыруға, оқытудың дәстүрлі формаларын жаңғыртуға мүмкіндік беретін интербелсенді құралдар мен белсенді оқыту әдістерін пайдалану және оларды білім беру үдерісіне енгізу

өзекті мәселе болып табылады. Себебі бұл оқу үдерісінің барлық құрылымдық элементтерін - білім берудің мазмұнын, формаларын, әдістері мен технологияларын - біртұтастықта біріктіріп, оның тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Интербелсенді құралдарды пайдалану білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамытып, білімнің меңгерілуін, білік пен дағдылардың жүйелі қалыптасуын қамтамасыз етеді және олардың іс-әрекеттік белсенділігін арттырады.

Зерттеу жұмысының мақсаты, оған қол жеткізуге бағытталған міндеттері, нысаны мен пәні дұрыс әрі нақты айқындалған. Зерттеудің ғылыми болжамында, *егер* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың мән-мағынасы нақтыланып, оның әдістемесі жасалса, әзірленген әдістеменің құрылымдық-мазмұндық моделі жүзеге асырылып, тәжірибеге ендірілсе, *онда* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың тиімділігі артады, *өйткені* әзірленген оқу-әдістемелік кешен болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін жетілдіруге ықпал етеді деп пайымдалған. Қорғауға ұсынылған қағидалар нақты көрсетілген.

Автор өз зерттеуінде педагогтерді интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлау мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мәнін нақтылаған. Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдіснамалық тұғырларын негіздеп, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын айқындаған.

Ізденуші зерттеу барысында теориялық тұрғыдан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың жоғары, орташа және төмен деңгейлерін айқындап, осы негізде құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау жүйесі ретінде «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» элективті пәні, оны оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін кешен және «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» атты оқу құралы алғаш рет ұсынылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сай орындалғанын айғақтайды.

Зерттеу жұмысындағы үш тарау мен олардың тармақтарының логикалық және мазмұндық тұрғыдан өзара сабақтастықта қарастырылуы жұмыстың ішкі тұтастығын көрсетеді. Жұмыстың бірінші тарауы «интербелсенді оқыту құралдары» ұғымының мәнін анықтауға, сондай-ақ білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мәні мен ерекшеліктері және осыған байланысты теориялық материалдарды зерделеуге арналған. Екінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен педагогикалық шарттары қарастырылып, олардың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. Үшінші тарау болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлығын диагностикалауға, оларды осы бағытта даярлау әдістемесіне және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдауға арналған.

Ізденуші докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде пайдалану студенттердің оқытудың интербелсенді құралдарын меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, олардың заманауи білім беру талаптарына сәйкес кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға, сондай-ақ алған білімдері мен дағдыларын педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері анықталған. Атап айтқанда, арнайы енгізілген пән, интербелсенді құралдар арқылы жинақталған арнайы тапсырмалар мен әдістер негізінде маман даярлау әдістемесі әзірленіп, тәжірибелік тұрғыдан тексерілген және жоғары нәтижелерге қол жеткізілген.

Н. Алпысбаева диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында оның тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Баяндау стилі ғылыми, логикалық және дәйекті. Автор зерттелетін материалды меңгерудің жоғары деңгейін, өз ойын дұрыс тұжырымдай алатынын және зерттеу мәселесін терең түсінетінін көрсетті.


Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде талданған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге сараптама жасалған.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындаған, толық аяқталған, құрылымы мен көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек болып табылады. Бұл Нургуль Саркытбековна Алпысбаеваның «8D01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санауға мүмкіндік береді және көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор



Жолтаева Г.Н.



*Жолтаева Г.Н.*